

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару жүйелері мекемелері мен алдын ала қамауға алу орындарының қызметі тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қазан N 1199

Қылмыстық-атқару жүйелері мекемелері мен алдын ала қамауға алу орындарының қызметін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен Мемлекеттік тергеу комитетінің алдын ала қамауға алу орындарын материалдық-техникалық және әлеуметтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Үкімет бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Осы Үкімет бағдарламасына сәйкес іс-шараларды жүзеге асыру тиісті жылға арналған бюджетте құқық қорғау органдарын қаржыландыруға көзделген қаражат шегінде ғана іске асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік тергеу комитетімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп 1996 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде қылмыстық-атқару жүйелері мекемелері мен тергеу оқшаулауларының кредиттік берешегін азайту мүмкіндігін зерделесін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың III тоқсанында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік тергеу комитетіне оларды ұстауға 1996 жылғы арналған республикалық бюджетте көзделген қаржы шегінде еңбекпен түзеу мекемелері мен тергеу оқшаулауларын 1996\97 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындауға және туберкулезбен күресті ұйымдастыруға қажетті қаражат бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қаржы және Әділет министрліктерімен бірлесіп 1996 жылдың 20 қыркүйегіне дейін қылмыстық-атқару жүйелері кәсіпорындарына салық жеңілдіктерін белгілеу туралы мәселені қарап, Қазақстан Республикасы Үкіметіне тиісті ұсыныстар енгізсін.

5. Облыс әкімдеріне өздерінің аумақтарында орналасқан құқық

қорғау органдары мекемелерінің жұмыстарын тұрақтандыру жөнінде нақты шаралар қабылдай отырып, олардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелерін тоқсан сайын қарап отыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 1 қазандағы
N 1199 қаулысымен
МАҚҰЛДАНҒАН

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
қылмыстық-атқару жүйесін және Мемлекеттік тергеу
комитетінің алдын ала қамауға алу орындарын
материалдық-техникалық және әлеуметтік-құқықтық
қамтамасыз ету жөніндегі 2000 жылға дейінгі
кезеңге арналған
ҮКІМЕТ БАҒДАРЛАМАСЫ

КІРІСПЕ

Беріліп отырған Үкімет бағдарламасы "Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесі базасын материалдық-техникалық және әлеуметтік-құқықтық жағынан нығайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 наурыздағы N 318 P950318_ қаулысына сәйкес әзірленді. Ол халық шаруашылығын басқару құрылымының түбегейлі қайта құрылуын, республикалық және жергілікті өкімет органдары арасындағы құқықтар мен міндеттердің қайта бөлінуін ескереді, 2000 жылға дейінгі болашаққа есептелген және жүйе реформаларының тұжырымдамасын, стратегиялық міндеттері мен оларды шешудің негізгі

бағыттарын айқындайды. Оны жүзеге асыру қылмыстық-атқару мекемелері, тергеу оқшаулаулары мен уақытша қамауға алып ұстау оқшаулауларының қызмет тиімділігін арттыруға, қамалғандарға қараудың ең төменгі стандартты тәртібін сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді, босатылған соң олардың әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешеді.

I ТАРАУ

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы

1. Басқару тиімділігін арттыру

Қылмыстық жазалауды атқарушы мекемелердің ұйымдық-құрылымдық құрылуын және штаттық қамтамасыз етілуін кезең-кезеңмен реформалауды жүзеге асыру көзделеді. Республикада әлеуметтік-экономикалық ахуалды және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыруға қол жеткізу мүмкіндігіне қарап 1998 жылдан бастап қылмыстық жазалауды атқарушы мекемелерді басқаруда ішінара орталықсыздандыруға, орталықтандырылған және аумақтық принциптерге көшуге кірісу. Осымен бір мезгілде республикалық және облыстық бағыныстағы еңбекпен түзеу мекемелерінің тиісті үлгілерін құру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

Қылмыстық-атқару жүйесін қайта ұйымдастыруға байланысты орталық және облыстық қылмыстық-атқару жүйесі басқару органдары арасындағы құзырлық шектеу нормативті түрде бекітіледі. Қылмыстық-атқару жүйесінің бас басқармасына (ҚАЖББ) қылмыстық-атқару саясатының жалпы бастаулары мен принциптерін, қылмыстық-атқару заңдарын, жазалауды атқарудың шарттарын айқындайтын жалпы республикалық нормалар мен ережелерді әзірлеу, оларды барлық органдар мен бөлімшелердің міндетті түрде сақтауына бақылау жасау жүктеледі. Сондай-ақ ҚАЖББ-да пенитенциарлық практиканы қорытындылау, халықаралық, республикалық бағдарламалар мен келісімдерді орындау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру, жүйе қызметін материалдық, кадрлық, қаржылық, ұйымдық және ғылыми қамтамасыз ету болады.

Мекемелерді басқаруды орталықсыздандыруға сәйкес облыстық ІБ қылмыстық-атқару жүйесі басқармаларының бөлімдерінің (ҚАЖБ) (б) қарауына бірте-бірте мынадай мәселелерді шешуді беру ісі тұр:

республика Ішкі іс министрінің ҚАЖББ келісімімен облыстық ІБ ҚАЖБ (б)

құрылымы мен аппараты штатына өзгерістер енгізу;

сотталғандарға медициналық-қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

күрделі құрылыс;

облыстық ІБ ҚАЖБ(б) аппаратының басшы лауазымдары құрамынан бастап бастықтың орынбасарына дейін және мекеме бастығының

орынбасарына дейінгі лауазымдарды тағайындау және лауазымдардан босату;

бөлімшелердің жеке құрамын ынталандыру және тәртіптік жаза қолдану.

2. Қылмыстық жазалауды атқарушы мекемелер жүйесін қайта ұйымдастыру

Жазалауды атқарушы мекемелердің түрлерін шектеу жөніндегі заңдық және ұйымдық шараларды әзірлеу жалғастырылсын. Бұл ретте сотталғандардың мекеме ішінде ұстау жағдайларына олардың әлеуметтік-адамгершілік азғындау дәрежесіне және жазасын өтеу кезеңіндегі мінез-құлығына байланысты саралауды көздеу керек. 1997 жылдан бастап кезең-кезеңмен бас бостандығынан айыруға сотталғандардың негізгі құрамының жазасын тұрғылықты жеріне жақын орналасқан мекемелерде өтеуге жағдай жасауға кірісу керек.

Облыстардың ІІБ ҚАЖБ(б) жағынан өзінің ішкі қауіпсіздігін, бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыс көріністерінің бейтараптандыру және жолын кесу, қылмыстық-атқару жүйесі мен ішкі күзет әскерлерінің жеке құрамына жедел қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін арнаулы бөлімшелер құру.

3. Мекемелерді күзетуді жетілдіру

Облыстардың ІІБ ҚАЖБ(б) объектілерінің периметрін күзетуді осы заманғы инженерлік-техникалық құралдармен қайта жарақтандыруды, күзет практикасына өндірістік теледидар қондырғыларын енгізу бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Қылмыстық-атқару жүйесі объектілеріндегі инженерлік-техникалық құралдарды күрделі және орташа жөндеу жөніндегі инженерлік-техникалық қамтамасыз ету орталығы және жөндеу базасын құру.

1997 жылдан бастап 2000 жылға дейін қызмет иттері питомниктері құрылып, олардың негізінде кіші маман-кинологтарды даярлайтын және қайта даярлайтын оқу орталықтарын құру.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерімен жұмыс істеуді жетілдіру

Қылмыстық-атқару жүйесі, алдын ала қамауға алу орындары қызметкерлерінің жоғары ресми мәртебесі мен қоғамдық беделін орнықтыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Қылмыстық жазалауды атқарушы мекемелердің және алдын ала қамауға алу орындары қызметкерлерінің құқықтық жағдайын заңды тәртіпте айқындау.

Еңбекпен түзеу және тәрбиелеу мекемелерін, алдын ала қамауға алу орындарын кадрлармен жасақтау Қазақстан Республикасының Ішкіісмині, Мемлекеттік тергеу комитеті және Білім министрлігінің оқу орындарында арнаулы даярлықтан өткен адамдармен ғана жүзеге асыру. Психологтарды мақсаттық даярлау өрістетілсін.

Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу органдарында және шетелдерде кадрлардың алғашқы даярлығы, қайта даярлығы және біліктігін арттыру, мамандар даярлау бағдарламасын әзірлеу.

Облыстардың ІІБ ҚАЖБ(б) қызметкерлерінің кәсіптік төмендеуінің

және шамадан тыс психологиялық салмақ түсуінің алдын алу үшін дәрігерлік-оналту орталықтарын құру.

Қамалғандар арасындағы агрессивті көріністерге жол бермеу үшін ЕТМ, ЕТК, тергеу оқушылары қызметкерлерінің арнаулы, жауынгерлік және дене даярлығын жетілдіру.

Қызметкерлерді жеке қорғаныс және белсенді қорғану құралдарымен кең тұрғыда жабдықтауды қамтамасыз ету.

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жеке басының қауіпсіздігінің кепілдіктер жүйесін заңды түрде айқындау.

5. Сотталғандарды әлеуметтік-құқықтық қорғау, оларды жұмысқа пайдалану

1996 жылдан бастап 1998 жылға дейін:

құқық бұзушыларға адамгершілік көзқарасты;

адамның құқығы мен оның мүдделерін;

сотталғандардың заңға бой ұсыну тәртібінің басымдылығын;

қылмыскердің әртүрлі санаттарына саралау (дифференцированный) ыңғайы;

сотталғандарды жазаны атқарушы мекемелерде алғашқы болған күнінен бастап бостандыққа өмір сүруге әзірлеу принципін қамтамасыз ететін жаза өтеудің жағдайлары мен тәртібін жасау.

Осы мақсатта:

сотталғандарды ұстау жағдайын олардың тәртібіне қарай кезең-кезеңмен өзгерте отырып, жазаны өтеу режимін саралау;

сотталғандардың бейімделуі, диагностикасы мен бөлінісі үшін жағдайларды, өзін оң жағынан көрсеткендердің ұсталу жағдайының жақсартылуын, сауықтыру-алдын алу шараларын жүргізуді қамтамасыз ету;

сотталғандарға берілетін кепілді игіліктің ең аз деңгейін кеңейту;

тергеудегі-тұтқындалған және сотталған адамдарға ақылы тұрмыстық, медициналық, сауықтыру және өзге қызмет көрсетулерінің берілу жүйесін құру;

тергеудегі-тұтқындалған, сотталған адамды ұстауға арналған ең аз шығыстардың нормасын Қазақстан Республикасының нақтылы мүмкіндіктері мен халықаралық стандарттарды заңды түрде белгілеу және бекіту;

азық-түлік, заттық және де басқа интенданттық мүліктерді орталықтандырылып берілуін, сондай-ақ материалдық ресурстарды өз кәсіпорындарында және оқу өндірістік шеберханаларында шығаруды ұйымдастыруды көздей отырып бас бостандығынан айырылған және алдын ала қамауға алынғандар ұсталатын орындардағы адамдарды тұрақты материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету жүйесін құру;

өртүрлі санаттағы сотталған және тергеудегі-тұтқындалғандар үшін тұрғын алаң нормасын бірте-бірте көбейту, тергеудегі-тұтқындалған және сотталғандарды камералық үлгідегі санитарлық талаптарға сәйкес үй-жайларға орналастыруды қамтамасыз ету;

жалпы білім беретін және кәсіптік оқыту органдарымен бірлесе отырып өз өндірісінің, еңбек нарығының мүдделері, босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктері ескеріле отырып қамалғандарды оқытудың икемді жүйесін құру;

сотталғандар мен олардың туыстары, қоғамдық және діни ұйымдар арасындағы байланыстың нығаюына жағдай жасау;

Бас бостандығынан айыру орындарындағы еңбекке жарамды барлық сотталғандар үшін қажетті жұмыс орындарын құру алда тұр.

Осы мақсаттарда атқарушы өкімет органдарының қолдауымен

сұранымға ие өнім түрлерін шығаруға қабілетті қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік объектілерін жаңарту мен құрылымдық қайта бағдарлауды қамтамасыз ету.

ҚАЖББ мекемелерінің өндіріс орындарында мемлекеттік тапсырыстарды, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі және республика ішкі істер органдарының мұқтаждары үшін өнім шығару тапсырыстарын бірінші кезекте орналастыруды қамтамасыз ету.

II ТАРАУ

Қылмыстық-атқару жүйесін, оның жақын жылдарда дамыту тұжырымдамасының туындайтын материалдық-техникалық және әлеуметтік-құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің жобасын әзірлеу.

Үкіметке Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі қабылданған соң тапсыру

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

2. "Қылмыс жасады деп күдіктелінген және айыпталғандарды қамауда ұстау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасын әзірлеу.

Үкіметке Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданған соң тапсыру

Орындаушылар: Әділетмині, МҚК, Қорғанысмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК, (келісімі бойынша)

3. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қылмыстық-атқару жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу.

Үкіметке Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданған соң тапсыру

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

4. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің кәсіпорындары шығаратын өнеркәсіп өнімін республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алатын тауарлардың (қызмет көрсетулердің) тізбесіне енгізу, оны ішкі әскерлер, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қорғаныс министрлігіне, Шекара әскерлеріне, Республикалық ұланға беру туралы ұсыныс енгізу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Экономмині МТК (келісімі бойынша)

5. Қылмыстық-атқару жүйесі мен алдын ала қамауға алу орындарын халықаралық міндеттемелерге сәйкестендіру үшін олардың реформаларына қосымша шұғыл қаржыландыру жөнінде ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсынылсын

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

6. Түзеу мекемелері және тергеу оқшаулауларына төтенше жағдайлар мен табиғат апаттары кезінде шұғыл жәрдем беру үшін жергілікті жерлерде арнаулы резервтік қаржы, құрал-жабдықтар, автокөлік, құрылыс материалдарының қорын құру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Қаржымині, Ішкіісмині, МТК (келісімі бойынша)

7. Қылмыстық жазалауды атқару мен алдын ала қамауға алу жүйесінің қызметтері мен бөлімшелерінің басқару қызметін реттейтін нормативтік құжаттардың (бұйрықтар, нұсқаулар) қолданылып жүргендерін нақтылау және жаңаларын әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

8. Тергеу оқшауларындағы және түзеу мекемелеріндегі күзет санын есептеу тәртібін тергеудегілер мен сотталғандардың санына емес, күзет объектілерінің санына негіздеп әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, МТК (келісімі бойынша)

9. Облыстардың ҚАЖБ(б) жүйесінде бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлық және қылмыстық бой көрсетулермен күрес жүргізетін бөлімшелерді кезең-кезеңмен ұйымдастыру туралы ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині

10. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен алдын ала қамауға алу орындарының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жөнінде облыс әкімдерінің жауапкершілігін арттыру туралы ұсыныс әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

11. Салық туралы заңға түзеу мекемелер жүйесін салықтың барлық түрінен босату мәселелері жөнінде өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде заң актісін әзірлеу, оларды республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржыландыруға көшіру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

12. Түзеу мекемелері мен тергеу оқшаулауларында бас бостандығынан айыру және алдын ала қамау орындарында сақтауға, пайдалануға тиым салынған заттарда, сондай-ақ арнаулы құрамнан асып сатудан түскен қаражаттың, ақшаның есебінен арнаулы қор құру жөнінде ұсыныс әзірлеу. Аталған қор қаражатын мекеменің мұқтаждарына пайдалану.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне

түсіндірме, түзеу мекемелері қызметінің жарғысын әзірлеу.

Үкіметке Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданғаннан соң ұсыну

Орындаушылар: Әділетмині, Ішкіісмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

14. Нақтылы мүмкіндіктерді есепке ала отырып бас бостандығынан айыруға қатысы жоқ жазаны атқарушы бөлімшелерді, сондай-ақ еңбекпен түзеу мекемелерінің кейбір түрлерін жергілікті өкімет органдарының қарауына беру жөнінде ұсыныс енгізу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1997-1998 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

15. Қылмыстық-атқару жүйесі үшін халықаралық талаптарға сай келетін арнаулы киім үлгілерін енгізудің тәртібі мен енгізу мерзімі жөнінде ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1998 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Экономмині, Қаржымині

16. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін республикалық бюджетті бекіту кезінде осы Үкімет

бағдарламасының қосымшасына сәйкес 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған жылдар бойынша жеке тұрғыда ақша қаражатын бөлуді көздеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-2000 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

17. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны сотталғандардың кезең-кезеңмен тұрғылықты жерінде өтеуге көшірілуі ескеріле отырып, ЕТК мен тергеу оқшаулауларының құрылысын салу және қайта жаңартуды жүзеге асыру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 2000 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

III ТАРАУ

Қылмыстық жазаларды атқару жүйесін және алдын ала қамау орындарын кадрлармен қамтамасыз ету

1. Қызметкерлерге қолданылып жүрген жеңілдіктерді: ерекше қызмет жағдайы үшінші еңбегіне ақы төлеуді көбейту;

пәтер сатып алу қаржы және жеке-үй құрылысын салу үшін жергілікті бюджеттен процентсіз жеңілдікті несие ақша бөлу;

қызметін ЕТК, тергеу оқшаулауында өткеріп жүрген қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға еңбек сіңірген жылдарын жеңілдікпен есептеу (1 ай қызмет бір жарым ай);

қызметкерлерге азық-түлік паегінің құнын баға индексациясын ескере ақшалай өтем төлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

2. Қылмыстық-атқару жүйесі және алдын ала қамауға алу орындары қызметкерлерінің аймақаралық және республикалық ауқымды жұмыс тәжірибесімен алмасуын жүзеге асыру, Қылмыстық-атқару саясатының мәселелері бойынша слеттер, семинарлар, конференциялар өткізу тәжірибесін одан әрі жалғастыру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

3. Қылмыстық-атқару жүйесі және алдын ала қамауға алу орындарына кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасының Ішкіісмині, МТК оқу орындарында мамандандырылған факультеттер ашу туралы ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Қаржымині, Ғылыммині - Ғылым академиясы

4. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині, МТК оқу орындарында оқып жүргендердің тағылымдамасын ұйымдастыру үшін базалық түзеу мекемелерін және тергеу оқшаулауларын құру туралы ұсыныстар әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

5. Түзеу мекемелері және тергеу оқшаулаулары қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша сценарийлер жазу және оқу-бейнефильмдерін түсіру үшін қаражат бөлу туралы ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

6. Қылмыстық атқару жүйесі және алдын ала қамауға алу орындарының ерекше көзге түскен қызметкерлеріне арнап мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық атақтар, атаулы сыйлықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі мен алдын ала қамауға алу орындарына мамандар даярлайтын мамандандырылған оқу орындарында оқитын тыңдаушылар мен курсанттарға атаулы

стипендиялар тағайындау туралы ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

7. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде дербес-тәрбиелік ықпал жасау және құқыққа қарсы көріністердің алдын алу үшін психологтық-педагогтік қызметтер құру туралы ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Денсаулықмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы

8. Мекемелерде кәсіптік-техникалық даярлауды халық шаруашылығының аумақтық қажеттілігін ескере отырып сотталғандарды жұмысшы кәсіптеріне оқытуға бағдарлауды қамтамасыз ету.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Біліммині

9. Мекемелер қызметкерлерінің барлық санаттары үшін ғылыми негізделген жұмыс жүктемесі нормасын әзірлеу. Штатқа дәрігер-психиатрлар, психологтар, арнаулы қызметкерлер, тамақтандыру бойынша инженер-технологтар, ғимараттар мен құрылысты пайдалану жөнінде инженерлер, сондай-ақ заңгерлер және жасақтық буын, жедел-режимдік қызмет үшін педагогтар, бақылаушылар енгізілуі есепке алына отырып қызметкерлер санына қажеттілікті айқындау.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1998 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, МТК (келісімі бойынша)

10. Түзеу мекемелері мен оқшаулауларының қызметкерлерінің кәсіптік шалдығуы, психологиялық қажуының алдын алу және демалуы, олардың туберкулез, басқа да кәсіптік ауруларының алдын алу үшін аумақтық медициналық оңалту орталықтарын құру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1999 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Денсаулықмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша).

11. Республиканың мәдени-ағарту мекемелерімен, кино, радио, теледидар, баспасөз, жазушылар ұйымдарымен байланысты кеңейту арқылы қылмыстық жазалауды атқару жүйесі және алдын ала қамауға алу орындары қызметкерлерінің мамандығының мәртебесін көтеру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-2000 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, МТК (келісімі бойынша)

12. Қылмыстық атқару жүйесі және алдын ала қамауға алу

орындарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Ішкіісмині және МТК оқу орындарында даярлау және қайта даярлау жүйесін одан әрі дамытуды көздеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-2000 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, МТК (келісімі бойынша)

13. Қылмыстық атқару жүйесі және алдын ала қамауға алу орындарына мамандар даярлау тәжірибесімен танысуға және тыңдаушылар алмасу үшін Англияға, Германияға, АҚШ-қа, Финляндияға, Ресейге іссапарларды көздеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-2000 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

ІҮ ТАРАУ

Қылмыстық жазалауды орындау саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары.

Халықаралық ынтымақтастық

1. Қылмыстық жазалауды атқару жүйесінің 2000 жылға дейінгі болашағына арналған реформаларды мұқият пысықтау үшін қажетті ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын айқындау.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, МТК (келісімі бойынша)

2. Қылмыстық-атқару саясаты мәселелері бойынша, қылмыстық жазалауды атқарудың нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан ұйымдық және құқықтық қайта құруды ғылыми зерттеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы

3. Есірткіні қолданатын адамдарға медициналық-психологиялық және психотерапевтикалық ықпал жасау әдістерін және сотталғандар арасында есірткі құмарлықты жоюдың тиімді әдістерін әзірлеуді қамтамасыз ету.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Денсаулықмині

4. Өндірісті жаңартуды жұмылдыру қуаттарын сақтауды және

сотталғандардың жұмыс жағдайын жақсартуды, өндірісті басқарудың ұйымдық құрылымын, нысандарын және әдістерін жетілдіруді, нарық жағдайындағы өндіріс орындарының жұмысының экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуді қоса алғанда ЕТМ жүйесінің өндірістік-шаруашылық қызметінің тұжырымдамасын әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Экономмині, Қаржымині

5. Бас бостандығынан айыру орындарында қалыптасқан экологиялық проблемалар жөнінде ғылыми-техникалық бағдарлама әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Экобиоресурсмині

6. Түзеу мекемелерінің шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпсіз және экономикалық қолайлы даму жолдарын айқындайтын экономикалық бағалау әдістемесін әзірлеуді жүзеге асыру.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Экобиоресурсмині

7. Қылмыстық-атқару жүйесінің сыртқы экономикалық және ғылыми қызметін қаржыландыру мақсатымен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің валюталық қорын құру туралы ұсыныс әзірлеу, Қор мемлекеттік жарналар есебінен, әрбір мемлекеттің аталған қордағы үлес дәрежесі негізінде құрылады.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ішкіісминдері (келісімі бойынша)

8. Қылмыстық-атқару мекемелерін басқару нысандары мен әдістері, әлеуметтік қорғалу дәрежесі әртүрлі сотталғандарды және қамауға алынғандарды ұстау ерекшеліктері, жеке құрамның жұмыс арнаулы құралдардың қолданылу тәртібі, сондай-ақ жазалауды атқару мекемелерінің сәулеттік-жоспарлану шешімдері туралы АҚШ және басқа мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, МТК (келісімі бойынша)

9. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің мүдделі халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып үнемі өткізіліп тұратын мекемелерінің қызметкерлеріне арналған оқу курстарына қатысуын қамтамасыз ету, сараптау-анықтама жүйесінде БҰҰ-ның қылмыстық-атқару мекемелері қызметі бойынша аймақтық институттарын қатыстыра отырып

сарапшы-кеңесшілер қызметін тарту және ұсыну.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

10. Қылмыстық-атқару жүйесіне мамандар даярлау және қайта даярлауға арналған оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын дайындау бағдарламаларын әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1997 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, МТК (келісімі бойынша)

11. Республикалық қылмыстық атқару жүйесін халықаралық ынтымақтастық саласына енгізу жөнінде ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1997 жыл

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, МТК (келісімі бойынша)

12. Жазасын өтегендердің әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешу, оңалту орталықтарын құру, еңбекке және тұрмыстық жағдайларын үйлестіру тәртібі мен оларды қамқорлыққа алу қызметі жұмыстарын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды

көздеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1998 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Денсаулықмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

13. Түзеу мекемелері қызметінің басым бағыттары бойынша бірлесе іс-қимылдар жасау, қылмыстық-атқару саясатының мәселелерін зерттеу және ақпараттар алмасу, ЕТМ жеке құрамының және әлеуметтік қорғалуы, қазіргі заманғы ұйымдастыру техникасын басқару қызметінің практикасына қолдануды зерделеу, өзара тиімді тікелей өндірісті-тауарлық байланыстарды ұйымдастыру мүмкіншілігін зерделеу, мамандарды өзара тағылымдамадан өткізу, делегациялар алмасу және де басқа осы саладағы мәселелерге қатысты халықаралық ынтымақтастықтың кешенді шараларын әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1998 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Қаржымині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, Бас Прокуратура (келісімі бойынша)

14. Қамауға алғандарды қараудың ең төменгі стандарттық

ережелерін қарастыратын және іске асыратын халықаралық орган болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстың алдын алу және онымен күрес жүргізу жөніндегі Комитетімен ынтымақтастықты нығайту жөнінде ұсыныс әзірлеу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-1998 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Бас Прокуратура (келісімі бойынша), МТК (келісімі бойынша)

15. Қылмыстық-атқару саясатының тиімділігін арттыру бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін ұлттық ғылыми мақсатты бағдарламалар тақырыптамасына ұсыныс енгізу.

Үкіметке ұсыну

Орындалу мерзімі: 1996-2000 жылдар

Орындаушылар: Ішкіісмині, Әділетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы

ҚОСЫМША

Қылмыстық-атқару жүйелері мен алдын ала қамауға алу орындарын

2000 жылға дейін материалдық-техникалық және әлеуметтік жағынан
камтамасыз ету жөніндегі Үкімет бағдарламасының шараларын
орындау үшін жыл сайынғы бюджеттік қаражат қажеттілігінің

ЕСЕБІ

Шығыстар атауы	Қаржылық Оның ішінде жылдар бойынша шығындарі							Ес. ікер.						
	млн. і	і	і	і	і	і	і							
і теңге	і 1996	і 1997	і 1998	і 1999	і 2000	і	і							
і	і	і	і	і	і	і	і							
1	і	2	і	3	і	4	і	5	і	6	і	7	і	8

I. Еңбекпен түзеу мекемелерінің, Тергеу оқшаулауларының қызметін қаржымен камтамасыз ету 1296,0 1296,0 - - - -

БАРЛЫҒЫ

Оның ішінде:
Белгілі нормаға дейінгі мүлікпен қамтамасыз ету 190,0 190,0 - - - -

олардың:
ЕТМ, ТОҚ басшы құрамына 20,0 20,0 - - - -
арнаулы құрамына 170,0 170,0 - - - -

Тамақтық өнімдерге,

оның ішінде 1996\1997
жылдың қысына картоп
және көкініс дайын.
дауымен байланысты
берешекті өтеу 102,0 102,0 - - - -

Жылу және электр
энергиялары үшін
берешекті өтеу 470,0 470,0 - - - -

Еңбекақы жөніндегі
берешекті өтеу 78,0 78,0 - - - -

1995 жылдың өнімінен
картоп және көкөніс
дайындаумен байланысты
шығыстарды өтеу 456,0 456,0 - - - -

II. Бас бостандығынан
айыру түрінде қылмыстық
жазалауды атқарушы
мекемелер мен органдар
және алдын ала қамауға
алу орындарының оперативтік
қызметтік жұмыстарын
дамытуды қаржыландыру

БАРЛЫҒЫ 754,18 156,27 154,72 149,29 149,44 144,46

Оның ішінде:

Оперативтік және арнаулы
қызметтердің тұтқындарды
айдап алып жүру, оларды
іздеу, күзету қадағалау
бөлімшелерінің материалдық-
техникалық базасын
нығайту 111,37 23,15 22,05 22,05 22,05 22,07

олардың:

Қару-жарақтар, оқ-дәрілер,
еліктіру құралдарын

сатып алу 89,85 18,85 17,75 17,75 17,75 17,75

Әскери-химиялық мүліктер

сатып алу 7,5 1,5 1,5 1,5 1,5 1,5

жеке басты қорғау және
белсенді қорғаныс

құралдарын сатып

алу 14,02 2,8 2,8 2,8 2,8 2,82

автокөлік сатып

алу 248,21 54,21 53,76 48,32 48,46 43,46

олардың:

жеңіл автомобильдер

сатып алу 15,36 4,61 4,61 1,92 2,3 1,92

автобустар сатып

алу 31,35 6,27 6,27 6,27 7,17 5,37

жүк автомобильдерін

сатып алу 77,95 15,68 15,23 17,92 15,68 13,44

арнаулы автомобильдер

сатып алу 58,75 14,69 14,69 9,25 10,35 9,77

уақытша ұстау

оқшаулаулары мен

Мемлекеттік тергеу

комитетінің айдап

алып жүру

бөлімшелері үшін

арнаулы автомобильдер

сатып алу 64,8 12,96 12,96 12,96 12,96 12,96

Байланыс жүйелері мен

құралдарын сатып

алу 18,62 3,73 3,72 3,72 3,73 3,72

Оперативтік және

криминалистік

техникалар сатып алу 11,15 2,23 2,23 2,23 2,23 2,23

олардың:

Оперативтік техника:

оптикалық құралдар 1,45 0,29 0,29 0,29 0,29 0,29
аудио,

бейнеаппаратура 6,85 1,37 1,37 1,37 1,37 1,37

фотожабдықтар 0,9 0,18 0,18 0,18 0,18 0,18

Криминалистикалық
техника:

бірегейлендірілген

чемодандар 0,5 0,1 0,1 0,1 0,1 0,1

ізвестіру аспаптары 1,45 0,29 0,29 0,29 0,29 0,29

Бірыңғай аймақтық
компьютерлік жүйе

құру 47,84 9,56 9,56 9,57 9,57 9,58

олардың:

Компьютерлік және
есептеу техникасын

сатып алу 42,32 8,46 8,46 8,47 8,47 8,46

Ұйымдастыру техникаларын

сатып алу 5,52 1,1 1,1 1,1 1,1 1,12

Еңбекпен түзу мекемелерінің

объектілерін қорғау 316,99 63,39 63,4 63,4 63,4 63,4

олардың:

Инженерлік күзет

құралдары 100,0 20,0 20,0 20,0 20,0 20,0

Техникалық күзет

құралдары 200,0 40,0 40,0 40,0 40,0 40,0

Арнаулы құлып-ілмек

құрылғылары 4,69 0,93 0,94 0,94 0,94 0,94

Қызметтік іздестіру

және күзет иттерін

сатып алу және оларды

бағып күту 12,3 2,46 2,46 2,46 2,46 2,46

III. Жеке құрамы

және арнаулы құраммен

тәрбиелік жұмыстардың

материалдық базасын

қамтамасыз ету

БАРЛЫҒЫ 48,5 9,7 9,7 9,7 9,7 9,7

Оның ішінде:

Радио және теледидар
аппаратураларын

сатып алу 15,5 3,1 3,1 3,1 3,1 3,1

Кітапхана қорын

толықтыру 10,5 2,1 2,1 2,1 2,1 2,1

Мәдени-көпшілік және
спорт керек жарақтарын

сатып алу 22,5 4,5 4,5 4,5 4,5 4,5

ІҮ. Тиістік нормасы

бойынша жеке құрам мен
арнаулы құрамды мүлікпен,
жиһазбен, керек-жарақтармен
қамтамасыз ету

БАРЛЫҒЫ 2832,08 566,056 566,506 566,506 566,506 566,506

Оның ішінде:

Жеке құрамға арналған

заттай үлес пен

нысанды киімдер

беру 329,8 65,96 65,96 65,96 65,96 65,96

Арнаулы құрамға

арналған заттай

мүлік 1884,59 376,59 377,0 377,0 377,0 377,0

Коммуналдық-тұрмыстық

қамтамасыз ету:

моншаларды, кір

жуатын үйлерді

жабдықтау 31,96 6,36 6,4 6,4 6,4 6,4

көш-көлік шаруашылық

жабдықтары 5,0 1,0 1,0 1,0 1,0 1,0

жиһаз және

керек-жарақтар 439,2 87,84 87,84 87,84 87,84 87,84

жуу құралдар 119,15 23,83 23,83 23,83 23,83 23,83

қазандық жабдығы 22,38 4,476 4,476 4,476 4,476 4,476

Ү. Арнаулы құрамға

үлес нормалары бойынша

тамақтандыру ұйымдастыру

БАРЛЫҒЫ	10201,5	2040,3	2040,3	2040,3	2040,3	2040,3
Оның ішінде:						
Арнаулы құрамды тәуліктік үлес нормалары бойынша тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету						
	7060,0	1412,0	1412,0	1412,0	1412,0	1412,0
Картоп пен көкөніс дайындау						
	3071,0	614,2	614,2	614,2	614,2	614,2
Азық-түлік қызметіне мүліктер сатып алу						
	70,5	14,1	14,1	14,1	14,1	14,1 (наубайхана)

ҮІ. Арнаулы құрамды медициналық жағынан қамтамасыз ету

БАРЛЫҒЫ	3755,0	663,91	711,6	761,6	810,0	807,88
---------	--------	--------	-------	-------	-------	--------

Оның ішінде:

Медикаменттер сатып алу

	3700,0	650,0	700,0	750,0	800,0	800,0
--	--------	-------	-------	-------	-------	-------

Медициналық жабдықтар сатып алу

	55,0	13,91	11,6	11,61	10,0	7,88
--	------	-------	------	-------	------	------

ҮІІ. Еңбекпен түзеу мекемелерінің өрт сөндіру бөлімшелерін жабдықтау

БАРЛЫҒЫ	117,6	23,52	23,52	23,52	23,52	23,52
---------	-------	-------	-------	-------	-------	-------

Оның ішінде:

Өрт сөндіру жүйелерін сатып алу және оларды құрастыру

	25,0	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
--	------	-----	-----	-----	-----	-----

Өрт сөндіру техникаларын сатып алу

	74,0	14,8	14,8	14,8	14,8	14,8
--	------	------	------	------	------	------

Өрт сөндіру құралдарын сатып алу

	18,6	3,72	3,72	3,72	3,72	3,72
--	------	------	------	------	------	------

ҮІІІ. Арнаулы құрамды темір жол көлігін тасымалдау

БАРЛЫҒЫ	154,0	11,0	22,0	33,0	44,0	44,0
---------	-------	------	------	------	------	------

Оның ішінде:

Арнаулы құрамды

тасымалдауға 14 вагон

сатып алу	154,0	11,0	22,0	33,0	44,0	44,0
-----------	-------	------	------	------	------	------

IX. Еңбекпен түзеу

мекемелері кәсіпорындарының

өндірістік қызметін

жақсарту

БАРЛЫҒЫ	6345,6	1903,68	1903,68	1269,12	634,56	634,56
---------	--------	---------	---------	---------	--------	--------

Оның ішінде:

Айналым қаражаттарын

толықтыру	1232,1	369,63	369,63	246,42	123,21	123,21
-----------	--------	--------	--------	--------	--------	--------

Бұйымдардың жаңа

түрлері мен

өндірістердің 72

атауын игеру	2916,3	984,89	984,89	583,26	181,63	181,63
--------------	--------	--------	--------	--------	--------	--------

Технологиялық

жабдықтарды алмастыру	531,0	159,3	159,3	106,2	53,1	53,1
-----------------------	-------	-------	-------	-------	------	------

Жұмыс істеп тұрған

өндірісті кеңейту

және қайта жаңарту	566,2	169,86	169,86	113,24	56,62	56,62
--------------------	-------	--------	--------	--------	-------	-------

Еңбекпен түзеу колониялары

кәсіпорындарының базасында

ауыл шаруашылығы

бөлімшелерін дамыту	1100,0	220,0	220,0	220,0	220,0	220,0
---------------------	--------	-------	-------	-------	-------	-------

X. Күрделі жөндеу

БАРЛЫҒЫ	301,99	60,39	60,39	60,4	60,40	60,41
---------	--------	-------	-------	------	-------	-------

Оның ішінде:

Үйлер мен ғимараттар	168,62	33,72	33,72	33,72	33,72	33,72
----------------------	--------	-------	-------	-------	-------	-------

Инженерлік жүйелер	90,03	18,0	18,0	18,01	18,01	18,01
--------------------	-------	------	------	-------	-------	-------

Инженерлік-техникалық

күзет құралдары	43,35	8,67	8,67	8,67	8,67	8,67
-----------------	-------	------	------	------	------	------

XI. Энергетикалық

шаруашылық жабдықтарын

сатып алу	22,38	4,476	4,476	4,476	4,476	4,476
-----------	-------	-------	-------	-------	-------	-------

XII. Кадрлар даярлау 10,0 2,0 2,0 2,0 2,0 2,0

XIII. Күрделі құрылыс 1991
БАРЛЫҒЫ 701,42 154,51 166,01 143,35 126,97 110,58 ЖЫЛҒЫ

базалық
бағасында

Жобалау-іздігіру

жұмыстары 7,26 2,5 2,5 1,5 0,76 -

Тергеу

оқшаулаулары 51,76 5,4 12,22 17,68 13,53 2,93 бағасының
4%-і

Уақытша ұстау

оқшаулаулары 50,0 10,0 10,0 10,0 10,0 10,0

Еңбекпен түзеу

мекемелерінің

жатақханалары 21,3 4,27 7,43 6,37 3,23 -

Қойма шаруашылы.

ғының объектілері 1,67 0,3 0,4 0,3 0,42 0,25

Қоғамдық

тамақтандыру

объектілері 1,75 0,6 0,87 0,28 - -

Энергетикалық

шаруашылық

объектілері

Электр беру

желілері (ЭБЖ) 2,35 0,57 1,17 0,61 - -

Қазандықтар 8,58 3,14 4,29 1,15 - -

Трансформаторлық

Қосалқы станциялар 5,23 2,23 2,6 0,4 - -

Коммуналдық шаруа.

шылық объектілері:

моншалық-кір жуу

блоктары 2,04 0,42 0,89 0,6 0,13 -

жылумен, сумен

жабдықтау

желілері 2,3 0,7 1,15 0,45 - -

канализация

желілері 6,3 0,85 2,4 2,3 0,75 -

тазарту							
ғимараттары	6,3	1,75	3,15	1,4	-	-	
жеке құрамға арналған							
санитарлық							
өткізімдер	0,42	0,21	0,21	-	-	-	
Медициналық							
мақсаттағы							
объектілер	3,1	0,87	1,55	0,68	-	-	
Әскери қалашықтар	6,37	2,1	2,68	1,08	0,51	-	
Тұрғын үй құрылысы	2,54	0,49	1,02	0,78	0,25	-	
Қызметкерлер үшін							
тұрғын үйлер сатып							
алу	25,96	5,19	5,19	5,19	5,19	5,2	
Өрттен қорғау							
объектілерінің							
құрылысы	2,19	0,72	1,09	0,38	-	-	
Еңбекпен түзеу							
мекемелерінің							
құрылысы	71,0	14,2	14,2	14,2	14,2	14,2	
Қамау үйлері	285,0	57,0	57,0	57,0	57,0	57,0	
Еңбекпен түзеу							
мекемелеріндегі							
әскери қалашықтарды							
қайта бейімдеу	33,0	20,0	13,0	-	-	-	
Транзиттік-аралық							
жөнелту пункттерінің							
құрылысы	105,0	21,0	21,0	21,0	21,0	21,0	

I-XII тараулардың

жиыны 25838,83 6737,302 5498,892 4919,922 4344,902 4337,812

XIII-тарау

(55-коэффициент) 38578,10 8498,05 9130,55 7884,25 6983,35 6081,9

БАРЛЫҒЫ 64416,93 15235,352 14629,442 12804,172 11328,252 10419,712

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК